



«ҚАЗАҚША САЙРА-2014»

Рахымжан Отарбаев

Әңгімелер жинағы (қазақ және орыс тілінде)

ПЕРІШТЕЛЕР ҰЙЫҚТАМАЙДЫ

Электрондық оқулық

Рахимжан Отарбаев

Сборник рассказов (на казахском и русском языках)

АНГЕЛЫ НЕ СПЯТ

Электронная книга

Қазақстанда кеңінен танымал прозашы, драматург Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағын біріктіретін «Періштелер ұйықтамайды» кітабы Академик З.Қабдолов атындағы қордың (әдеби-тарихи мәдени «Алшы» қорымен серіктестік негізінде) атыраулық жазушылардың электрондық кітапханасын екі тілде қалыптастырудағы кезекті үлесі болып табылады.

Бастапқыда кітаптың түпнұсқалық мәтіні қазақ тілінде жазылып, барлық шығармаларды жазушы, ақын, Бекет Қарашин (он сегіз әңгіме) және аудармашы Қалиолла Байменов тәржімалаған (соңғы он әңгіме)

Осылайша, кітаптың барлық мәтінін лексикалық білім аспектісін орындауға қабілетті біртұтас көркем сөздік-аудармашы қызметінде деуге болады. Яғни, мазмұн екі тілге аударылып, мәтінің түпнұсқасы іспетті кіріктірілген интерактивті сөздіктің қызметін атқарады, сондай-ақ, жинақты оқу кезінде онлайн режимінде орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасауға мүмкіндік береді.

Кітап үлгісі электрондық кітаптарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Жинақ тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде, Қабдолов қорының сайтында, жобаның арнаулы сайтында, сондай-ақ серіктестердің, жазушылар одағы мен әдеби клубтардың электрондық пошталарына жіберу арқылы таратылады. Кітапты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

Редакциялық алқа:

Бас редактор - Бекет Қарашин;

Редакторлар – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин;

аудармашылар – Б. Қарашин, Қ.Байменов;

Құрастырушы - Бекет Қарашин

Кітапты беттеуші және дизайнер – И. Борзых

Книга «Ангелы не спят», представляющая собой сборник рассказов широко известного в Казахстане прозаика и драматурга Рахимжана Отарбаева, является очередным вкладом фонда им. академика Кабдолова (в партнёрстве с Литературно-историческим культурным фондом «Алшы») в формирование уникальной электронной библиотеки атырауских писателей на двух языках.

Оригинальный текст книги был изначально казахским. Все произведения претерпели процесс перевода в исполнении писателя и поэта Бекета Карашина (восемнадцать рассказов) и переводчика Калиоллы Бейменова (десять последних рассказов)

Таким образом, весь текст книги представляет собой единый художественный словарь-переводчик, способный выполнять образовательный аспект. То есть содержание лексически адекватно дублируется на двух языках, представляя собой как текст оригинала, так и встроенный интерактивный словарь, который позволяет в процессе чтения в он-лайн режиме получить перевод с русского на казахский, и наоборот.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Сборник распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях, на сайте фонда Кабдолова, специализированном сайте проекта, а также многочисленных рассылок по электронным адресам партнёров, писательских союзов и литературных клубов. Скачивание книги бесплатное.

Книга издана на инвестиционные средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014». Она предназначена для широкого круга читателей и масс, заинтересованных изучить казахский язык.

Редакционная коллегия:

Главный редактор - Бекет Карашин,

Редакторы – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин (Москва)

Переводчики - Б. Карашин и К. Байменов;

составитель – Б. Карашин,

Верстальщик и дизайнер – Ирина Борзых





БІЗДІҢ АУЫЛДЫҢ АМАЗОНКАЛАРЫ

Теңіз тамағына төніп отырған үш үй еді.

Иелері – тоқтасқан үш әйел.

Бала біткен қалаға қашып құтылған.

Малы түскір далаға қашып... Мал дегенде бар-жоғы он сиыр мен уақ жандық.

Түс ауа есік көзіне самаурын көтеріп, алақандай ақ орамалын төбесінен тастамайтын Айман шықты.

Артынша жалақ ернін бір жалап алып сөз бастайтын Қарғаш, соңынан қыли көзі ылғи қиғаш тартып тұратын Бибі көрінді.

– Әлгі аусыл тигірлер әлі жоқ па? – деді Айман даусын құбылтып.

– Шаяқ келгір! – деді қысқа қайырып Қарғаш. – Бұзауға да қайырылуды қойды.

АМАЗОНКИ НАШЕГО АУЛА

Это были три обители по-над кромкой моря.

Три женщины зрелых лет.

Безвозвратно утекли в город дети.

В степь запропастилась скотина... А скотины, всего-то-навсего, десять коров да мелкая животино.

В полуденное время на пороге, держа самовар, появилась Айман в своем крохотном белом платке на макушке, с которым она не расставалась.

Следом Каргаш, не открывавшая обычно рта, не облизнув разок обветренные губы, а за ней показалась Биби, смотревшая немного искоса из-за врожденного своего косоглазия.

– Ящур их прихвати, не пришли ещё? – произнесла Айман изменившимся от переживания голосом.

- Да пропади они пропадом! – коротко отозвалась Каргаш. – И к телятам уже не идут.

– Қасқыр тартқыр! – деп оны Бибі қостады. – Осылар-ақ күнімізден бұрын қартайтты.

Жалын жұтқан пештей көлеңкенің өзі құйрық бастырар емес. Қырғиған қырат пен кең жазықта үзіліп, кері жалғанып сағым жүр.

Қорадан жіңішке дауыс салып бұзау мәңіреді. Үй төбесіне мына аптап миын қайнатып тастаған қара қарға қонды. Көңілсіздеу қарқ ете түскен.

– Ақ шақыр, пенсиямыз келер, – деп Айман онысын жақсылыққа жорыды.

Қарғаш қолына балта алып, ағаш уақтады. Бибі керосин әкеп, шырпы тұтатты. Кішкене тұрбадан түтін ағып, ертеңнен бері жер тістеп жүрмей қойған уақытты жылжытты.

– Қалғып кеткен екем. Түс көрдім, – деді Бибі аузын баққан қос құрбысына қарап. – Баяғы қыз кезіміз екен...

– Содан басқаны көрмей-ақ қойдың-ау.

– Сағыныш шығар... Ол кезде қандай едік, шіркін?!

Иә, қандай еді? Үшеуі де толған айдай толықсып тұрған қыз еді. Мектеп бітірер жылы комсомол-жастар бригадасы құрылып, ұран көтерілген. Уәкіл қаптады. Әдемі сөз әуеледі:

– Еліміздің жас қайраты – сендерсіңдер. Ресейліктер Байкал – Амур магистралін салуға аттанды.

Біз сендерді аязға үсіп қалмасын деп аяп, ауылға қалдырғалы отырмыз.

Ер балалар екі жыл сиыр бағады. Қыздар сүт бұлағын ағызады.

Абырой-атақ та, орден-медаль да сендердікі. Ал сосын жоғары оқу орнына түсеміз десендер, кез



– Да чтоб их волки задрали! – поддержала её Биби. – Состарят они нас раньше времени.

На дворе было, как в раскаленной печи, в тени не присядешь. По кургузому взгорью и широкому долу, то обрываясь, то, временами, сливаясь, клубится густое марево.

Неокрепшим мычанием в хлеву подал голос теленок. На крышу дома села иссиня-черная ворона. Вероятно, пекло вскипятило ей мозги окончательно. Ворона уныло каркнула.

– Быть добру, пенсия, возможно, придет, – сказала Айман, ворожа это к лучшему.

Каргаш, взяв в руки топор, начинает готовить щепки. Биби принесла керосин и чиркнула спичкой. Из небольшого натрубника самовара потянул дымок и потянул за собой время, которое с раннего утра, цепляясь за землю, не хотело двигаться.

– Часом задремала. И сон видела, – сообщила Биби, посмотрев на обеих подруг, наостривших уши. – Будто пора наша девичья...

– Вот другое тебе не приснится.

– Может от тоски... Ах, девоньки, а какими мы были!

Действительно, какими? Словно, полная луна, были полны надежд и мечтаний. В год окончания школы создавалась комсомольско-молодежная бригада. Был брошен призыв. Зачастили уполномоченные. Воздух сотрясали пламенные речи.

– Вы олицетворяете молодую энергию нашей страны. Сегодня россияне приступили к стройке века – прокладке Байкало-Амурской магистрали.

В свою очередь мы, жалея, как говорится, своих неокрепших птенцов от сибирских морозов, постановили оставить всех в родном ауле.

Парни год-другой попасут совхозных коров. Ну, а девчата буквально отвоят нам новые молочные берега.

Честь и слава, ордена и медали – всё будет ваше! Ну, а потом, когда, вдруг, надумаете поступать в



келгенінің өздеріңе есігі ашық. Құрақ ұшып қарсы алады. Тіпті өзіміз жетектеп алып барамыз. Партияның тапсырмасы сондай!

Мына сөзге елпілдеп тұрған қай жеткіншек шыдас берсін? Бәрі бас шұлғыған. Ата кәсіп, қолымызға құрық аламыз дескен.

Әнші болам дейтін Айман:

– Уәде бересіздер ғой?.. – деген ұяла тіл қатып.

– Неге, қалқам?

– Оқуға апаруға.

– Береміз.

Болашақ ұстаздықты арман еткен Қарғаш:

– Түсіресіздер ғой?.. – деген бетіне қызыл теуіп.

– Түсіреміз.

– Жарайды, сауыншы болайын. Сосын тігіншілік оқуға кірем, – деді Биби.

– Кіресің. Арман – алда, сендер жолдасындар. Тайсалмай тура тартындар!

Бақташы болған балаларды біртіндеп әскер қатарына алып кетті. Жырта қарыс емшек тартып бармағынан бал ағызған қыздар...

– Кешеден бері жоқ. Қарауыл қамап тастаған шығар, – деді Айман. – Он сиыр бар шабындықты отап кетеді деп жүр ғой, жазған.

– Осы шолақтан-ақ көрдік көресіні.

– Шайға қанып ап іздеп шығайық. Осыдан қамағаны рас болса, әй, бәлем!..

Уәде берген уәкілдің бірі өсіп, бірі өшіп кеткен. Сиырдың емшегін сипап қалған бұлар не істесін?

Алдымен Айман байға қашты. Қашты деген аты ғана. Көрші отырған трактористің үйіне қора айналып келіп кіре қойған.

Қарғаш қыз водовоз айдайтын жігіттің кабина-

высшее учебное заведение, перед вами распахнутся любые двери! Вас встретят с распростертыми объятиями. Надо будет, мы сами лично вас сопроводим. Таково задание партии!

Какая юная душа устоит перед подобными словами. Все закивали головами. Дескать, ремесло знакомое, попробуем и мы взять в свои руки прадедовские укрюки... Айман, грезившая стать певуньей, смущенно спросила: «А вы слово даёте?..».

- Что за вопрос, голубушка?!

- Ну, что направите нас учиться.

– Как не дать!

Мечтавшая быть преподавателем Каргаш, покраснев, переспросила: «И поступить можете?».

– И поступить!

– Ладно, я согласна стать дояркой, но потом пойду на швею, – заключила Биби.

– Пойдешь, конечно. Цель ясна, дерзайте – смело вперед!

Парней, трудившихся пастухами, поочередно призвали в армию. Девчат, творивших своими руками молочные реки, да кисельные берега...

– Нет со вчерашнего! Быть может караул их в загоне держит, – произнесла Айман. – Бедняги боятся, что десяток коров их сенокосные уголья утопчат.

– Ох, и задал головную боль нам этот однорукий!

– Напьемся чайку и снарядимся на поиски. Вот, если и впрямь он запер, тогда берегись!..

Из уполномоченных, давших слово, кто-то взлетел – не достанешь, а кого-то поминай как звали. Что же оставалось им делать в окружении одних буренок?

Первой сбежала замуж Айман. Правда, одно название, что сбежала. Обогнула по задворкам и поселилась у молодого тракториста, живущего по-соседству.

Каргаш со своим сладким девичеством расста-



сында кетті.

Ал Биби ауылға бейтаныс еркек беттесе болды: «Ойбай, мені алып қашайын деп жүрген сияқты...» – деп армандаумен кәрі қыз атанған...

– Бар пәле Әлидің қатынында, – деді Айман жок сиырлардың соңынан жолға шықсымен екі құрбысына. – Жатса төсекке сыймайтын бөксесін көтере алмай жүріп. Сорлы...

– Уәсила бар ғой... байы қарауыл болғалы көзінің еті өсіпті. Өткен жолғы тойда жібек көйлекті киіп ап... Мені көрдің бе дегендей көлбеңдеп алдымнан олай бір өтіп, былай бір өтіп... Қанымды бар ғой қайнатты!

– Жұрттың көзінше «Осы сендердің қанша сиырларың бар?» деп шұқшиғанын айтсаңшы!

– Қызғанады да.

– Шолақ байын ба?

– Сиырды да!

– Сол тойда Әлиді сен де қатырдың. «Жалғыз қолмен жасаған батаң қайсымызға жетер екен?» деп. Қыбым мұндай қанбас.

– Енді қайтейін...

Жас кезде бойға біткен ұшпа-қонбалық есейгенде де қалмайтын көрінеді. Күзге салым қонақ шақырып Әли семіз серкесін сойған.

Аяғын байлап, пышағын қайраққа жанып-жанып тамақтан бір тартып жібергенде сол қолының бас бармағы андаусыз әлгінің аузына ілініпті. Азу тіске түсіпті. Малға да жан керек. Тыпырлап жатып шайнап тастапты.

Серке мен Әлидің бақырған даусы қатар шықты. «Қапелімде қайсысы қайсысын сойып жатқанын білмей қалдық», – деп көрші-көлем әлі күнге күліседі дейді.

Қағына тиген де, бас бармақтың ауруы асқы-



лась в кабине веселого джигита-водовоза.

А что Биби – стоило в ауле появиться какому мужчине – она тут же: – Ой-бай! Он, кажется, хочет меня украсть... – Так и заслужила имя старой девы.

– Вся беда в жене Али, – заявила Айман сверстницам после того, как вышли в дорогу на поиски пропавших коров. – Несмотря на то что с кровати свой зад с трудом подымает. Злополучная...

– Василя эта, как муж устроился караульным, нос задрала. В прошлый раз на свадьбу разрядилась в шелковое платье... То туда пройдет передо глазами, то сюда – мол, видишь меня... Нервы мне изрядно подергала!

– Ты лучше скажи о том, как прилюдно ей нетерпелось узнать, а сколько же у нас коров?

– Приревновала, видать.

– Культяпого своего, что ль?

- Да коров, господи!

– На той свадьбе и ты ведь поддела Али. Неожиданно спросив, а достаточно ли будет публике его однорукого благословения?!.. Я чуть не обмерла от восторга.

- Вынудили просто.

Оказывается ветренность, укоренившуюся в детстве, не выкорчевать и во взрослой жизни. Как-то к осени, пригласив гостей, Али зарезал жирного барана.

Связал ему копыта, провел разок-другой по точилю ножом, и полоснул по горлу злополучной животине, придерживая ей морду ладонью левой руки. И при этом большой палец забыл на жевательных зубах. Скотина – она ведь тоже жить хочет. В агонии зажевала палец как в тисках.

– И баран, и Али заблеяли тут одновременно. Мы сразу и не поняли, кто кого режет-то?! – подсмеиваются до сей поры соседи.

– Палец раздуло. Видать, пошло заражение. И, в



нып, ақыры қарынан кестіріп тынған. Ел-жұртқа Әли-шолақ атанған.

– Кешегі кеңшар қандай еді?! – деді өткен күннің сағынышы мендеген Қарғаш жалақ ернін бір жалап қойып. – Мыңғырған мал, кең жайлау, арқажарқа жұрт...

– Жерді жекешелендіргенді кім көрген? Сатып алдым дейді. Осы жердің әлгі қожасын айтам. Саудаға түспеген бірдеңеміз қалды ма өзі? Бізді де сыртымыздан біреулер пұлдап жіберген жоқ па өзі?

Мына сөз Айманның зығырданын қайнатты.

– Сатып алғышын! Малды сонда қара тақырға жаямыз ба? Жайылымның бәрі солардікі. Жал-жаяның бәрі солардікі.

Етін жеп, сүйегін бізге лақтырып... Осыдан әлгі қарауыл сиырларды қамап тастасын, ат үстінен жұлып алып атаукересін ішкізейін!

Айтса айтқандай, екі қыр асқанда анық көрді, ағаштан жасалған ашық қорада сиырлары қамалыпты. Ат үстінде ақ телпегі мыжырайып қарауыл тұр. Жұлынып келе жатқан үш әйелді көргенде аты тыпыршып, өзінің шолақ қолы шолтаңдап кетті. Бір сойқанның боларын анық сезді...

Жер қожасы кеше келсе, осы он сиыр көк балаусаны кешіп жүр дейді. Өзі үйіне түскі шайға кеткен. Мызғып алам деп кешігіп жетті.

Келе естімеген балағаты жоқ. Зікірін салып жүріп сиырларды ағаш қораға тоғытқан. Қақпасына темір шынжырды екі орап құлып салдырған. Бір бума қағазды қолына ұстатқан...

Атын сауырға бір салып жылыстап жоғалайын десе еркектік намысы түскір жібермей, қашпайын десе бозбала кезінен білетін мына көксоққан үш



конце концов, пришлось руку ему ампутировать по самый локоть. Так и прозвали его Али-культяпый.

– А какой был здесь раньше совхоз! – воскликнула Каргаш в порыве ностальгии, облизнув разок обветренные губы. – Скота не счесть. Пространные пастбища, снующий занятой народ...

- Где это видано, чтоб народную землю приобретали в собственность? Они говорят, мы купили! Я имею ввиду новоиспеченных хозяев этой земли. Скажите на милость, у нас хоть что-нибудь осталось, что не выставлено на продажу? Нас, может быть, тоже кто-то оценил «за дарма» по себестоимости?

Слова задела Айман за живое.

– Ишь! Развелось спекулянтов и торгашей! Скотину на такыре разводить нам прикажете? Все пастбища у них... Всё деликатесы им подавай...

Аппетитные кусочки сами кушают, а косточки нам подбрасывают... Вот пусть теперь попробует сторожевой этот пёс удерживать наших коров. Точно сорву с лошади и заставлю петь по себе заупокойную!

Сказала, как в воду глядела. Перевалив через два холма, они воочую увидели, что коров их держат в открытом деревянном загоне. Верхом на лошади, в измятой белеющей кепке, сидит караульный. Завидев грозную троицу, лошадь под ним засучила ногами, а культяпа несуразно задергалась. Он явно почувствовал приближение беды...

Вчера, когда тут был хозяин, эти десять коров, говорит, бродили по зеленой поросли. Он в тот момент отлучился домой на обеденный чай. Решил вздремнуть и опоздал немного.

По прибытии чего только не услышал от хозяина в свой адрес. Оказывается, проклиная всё на свете, он загнал животных в деревянную калду. Ворота двойной железной цепью обмотал, замок навесил. И ему в руку кипу бумаг всучил...

Растерялся не на шутку: в тихую дать дёру на своей лошадёнке, да не пускала треклятая мужская гордость, но и торчат, ожидая пришибленных не-



әйелден қаймығып қаралай састы.

– Мынау өңіріне сәбидің алақанындай тағы да орден қадап алған ба? Тіпті жылтырап тұр ғой, – деп Айман қолын маңдайына төседі. – Бибі, баяғы осының әскерден келетін жылы есінде ме?

- Неге есінде болмасын, беліне бес жұлдызды доғасы бар белбеу тағынып курайдай боп оралған.

Бешпетінің екі өңірі тұтасып жалт-жұлт етеді. Қараған адамның көзі тұнады. Өзіне айтқызсаң солдат боп жүргенде көрсеткен ерлігі ересен екен.

– Қақаған қыста Сібір ормандары өртенді, – дейді сауыншы қыздарды таң-тамаша қалдырып. – Жалғыз өзім арпалыстым. Күндіз-түні. Жанығып жүріп сөндірім.

– Алла-ай! – дейді қыздар мұны аяп.

– Бір жақсысы, бір ай бойы тойып шашлық жедім. Орман ішіндегі қабандар үйір-үйірімен өрт кезінде өз-өзінен үйтіліп қалыпты. Теңкиіп жатыр.

– Басқа солдаттар ше?

– Олар бұл кезде шекара күзетіп тұрды. Мына орденді сол жолы генерал өз қолымен әкеп қадаған, – дейді үлкендеу бірін сұқ саусағымен нұсқап.

– Ал мынаны... Шекара бұзған шетелдік бандиттерді ұстағаным үшін маршал кеп тапсырған.

– Басқа солдаттар ше?

– Олар бұл кезде өртенген ағаштарды жинап жүрді. Ал мынаны...

Таңға дейін таусылмас жыр. Көбін былайғы жұрт естімесін деп Бибінің құлағына сыбырлап қана айтады.

Елін қорғаған мұндай ерге қай қыздың көңілі құламасын? Содан әне-міне деп жүргенде... Көрші ауылдағы Уәсиланы қолтықтап кеп кетті.



бом женщин, которых знавал ещё парнем, он тоже не мог.

- Неужели он снова нацепил себе на грудь очередной орден? Даже издали сверкает! – удивилась Айман, приложив ко лбу руку. – Биби, ты помнишь год возвращения его из армии?

- Так, как же не помнить. Тогда он был худым как курай, перетянутый ремнем с пятиконечной звездой.

Борты армейского кителя поблескивали, ослепляя прохожих. Послушать его, – дюжину подвигов совершил будучи солдатом.

– Зимой загорелась тайга в Сибири, – заливал он, разинувшим рты, девчатам-дояркам. – Так я с огнём воевал один. Целые сутки. Еле-еле потушил.

– Боже ты правденый! – жалели его девчата.

– Что хорошо – целый месяц потом шашлык ел. Во время пожара кабаны целыми косяками поджарились. Лежали прямо готовенькие.

– Ну, а другие солдаты, что?

– Они тогда границу охраняли. Этот орден мне тогда генерал собственноручно передал, – продолжал он, тыча на маленький из них указательным пальцем.

– А этот... Привез мне сам маршал за то, что я чужих бандитов поймал, нарушавших границу.

– Ну, а другие солдаты, что?

– Они тогда собирали дрова после пожара. А вот этот...

Свои байки он мог до утра рассказывать. Некоторые из них, чтобы не слышали другие, шептал на ушко Биби.

Какой девушке не понравится бравый защитник родины?! Впрочем, пока девушки судили да рядили... Он повел под рученьки Василю из ближайшего аула.



Шымылдығы желбіреп отырған Уәсиласы түскір Әлиге айтпай ауданға барыпты. Отан үшін жанын да, тәнін де аямаған еріне қызмет сұрапты. Пәтер деметіпті.

Қосымша ақы даулапты. Сол кезде батырының сыры ашылыпты. Бақса, Әлидің әскерге барғаны рас. Бірақ ат бағыпты. Бары-жоғы сол. Орден деп өңіріне тізіп алғаны дүңгіршектерде сатылатын значоктар екен.

– Қора басына қойған қаракшы құсап тұрысын қарашы, – деді Бибі жүзі әлем-тапырық боп. – Шығар сиырды!

– Шықпайды, – деді қарауыл көзін алып қашып.

– Қарай гөр мұны!

– Ол ненің ақысы?

– Жердің қожасы кеп акт жасады. Сиыр басына сегіз мыңнан. Сексен мың теңге төлендер.

– Сексен мың?!

Мұны айтқанда Айманның қолынан таяғы түсіп кетті.

– Міне, қағазы. Сосын пажалыста...

Қарауыл қалтасынан бұрқыратып қағаз суырғанымен бұларға беруге батпай, ағаш қораны айналып кетті.

– Орденің құтты болсын! – деді сөзден тосылған Қарғаш қарап тұрмай.

– Бұл – медаль!

– Ормандағы өрт үшін алдың ба?

– Жоқ. Тәуелсіздіктің 20 жылдығына берді.

– Не үшін? Үш әйелді зар қақтырғаның үшін бе?

Но разве молодую удержать за простой занавеской?! Не остыли свадебные перипетии, а наша Василия, не промолвив ни слова мужу, прямоком пошла в районный центр. Как оказалось, просить герою-мужу, не жалевшему души и тела для родного отечества, приличную должность. Квартиру опять же.

Потребовала даже доплаты к зарплате. Тогда-то и раскрылась вся тайна её героя. Выходило, что в армию ходил – правда. Однако служил конюхом. Ну, ни дать тут, ни взять. Ордена же, нанизанные рядами, оказались просто значками, которые продаются в обычных «комках».

– Смотрите на него стоит, что пугало у ворот загона, – буркнула Биби рассерженно. – Выпускай коров!

– Не выйдет, – ответил охранник, отводя глаза.

– Вот оно что!

– За что же нам привилегия?

– Хозяин приезжал, акт составил. С головы, говорит, по восемь тыщ... Всего платите восемьсот тыщ тенге.

– Восемьдесят тысяч?

От подобного заявления у Айман выпала палка, которую она держала.

– Вот тебе документ. Пажалыста, потом...

Караульный потащил из кармана ворох бумаг, но вручить их не решился, отступив за деревянную ограду.

– Никак новый орден получил, наши тебе поздравления! – Не выдержав, вклинилась в разговор молчавшая Каргаш.

– Это – медаль!

– За лесной пожар опять получил?

– Нет. В честь 20-летия Независимости дали.

– И за какие такие заслуги! За то, что трёх жен-



– Давай, қысқа сөйлеу керек.

– Е, сөйлесейік, қашқақтамай келсеңші, – деп Айман аяқ асты жайдарыланып қарауылға таяды. – Медаліңнің көрімдігін берейік.

Сөйтті де шап беріп аттың тізгінінен ұстады. Ойбайына қарамай қарауылдың шолақ қолын шолтандатып ер үстінен сыпырып түсірді.

– Әкел арқанды! – деді сосын алқынып. – Байла аяғын!

– Айғырлығы асты. Пішіп тастайық!

– Мә, кілт! Тек жіберіңдер! Мә, кілт! – деп үш әйелдің ұмар-жұмар астынан Әлидің жан даусы естілді.

– Пышак қайда?

– Әкел бері!

Шалқасынан жатса да шапалап тепкілеген. Жалғыз қолмен жағаласқан. Жең жыртылған, жаға жұлынған. Әйтеуір, әупірімнің күшімен сытылып шыққан.

Аты үркіп аулаққа кетіпті. Көзі қарайған мына үш әйелдің қолына қайтып түссе оңбасын білді. Білді де іргедегі қалың қамысқа қарай тұра кеп қашқан. Биби мен Қарғаш сүрең сап соңына түсті.

– Ку, Биби! Ұста, Қарғаш! – деп аттанға айқай қосқан Айман анадай жерде жатқан балта кілтті қолына алды. – Жіберме! Қайтармала! Мен малды жолға сала берейін.

– Құтылсам екен! Еркекке кеткен өшін менен алып... Бәрің сондайсың! – деп Әли бажылдаған қалпы өкшесі жерге тимей бара жатты. – Осыдан құтылсам екен!

– Қалың қамысқа сіңіп жоқ боп кетті. Алдымыздан ырылдап бір қасқыр қашты, – деп екі әйел артынша еңтігіп оралды. – Байғұс мұншама қорқақ болар ма?



щин мучаешь?

– Давай, короче говори!

– Е, поговорим короче! Ты только не убегай, поближе подойти, – ответила Айман, улыбаясь, и подступая к охраннику. – За медаль, положим, с нас причитается...

Балагуря, она в мановении ока ухватила под уздцы его лошадь. Невзирая на выкрики и беспомощно дергающуюся культяпу, стащила с седла его наземь.

– Поддай-ка аркан! – скомандовала она впопыхах.

– Вяжи ему ноги!

– Допрыгался жеребчик. Пора тебя кастрировать!

– Натё, ключ! Только отпустите! За-бе-ри-те!..

– Раздавался истошный крик Али, скрученного женщинами в три погибели.

– Где нож?

– Давайка его сюда!

Лежа на спине он отбивался, как мог, ногами. Отмахивался одной рукой. Распоролся рукав, разодрался воротник. Чудом ему удалось вырваться.

Испуганная лошадь его куда-то ускакала. И он явственно понял, что если исступленные бабы схватят его вторично, то ему не сдобровать. Понял и прыгнул, сломя голову, в ближайшие камыши. Биби вместе с Каргаш бросились ему вдогонку.

– Догоняй его, Биби! Держи его, Каргаш! – кричала следом Айман в духе боевого клича, и подбирая брошенный ключ. – Не пускай! Не дай выбраться! Покуда я скотину на дорогу не выгоню!

– Оторваться бы! Обиду на мужиков на мне вымешать... Все вы такие! – хрипел Али, унося подальше ноги. – Только бы на этот раз оторваться!

– Нырнул в камыш как в воду канул. Мы только видели, что какой-то заблудший волк, рыча, проскочил перед нами, – рапортовали подруги наперебой, едва переводя дыхание. – Это ж надо бедолаге настолько испугаться!



Қарауыл содан бері жоқ. Ел боп іздеді. Қалың қамысты жалғыз талдап тінтті. Таптырмады. Бір хабарын берген жанға сүйінші де ұсынды. Жын көтергендей. Жер жұтқандай. Бар қарғысын байын қуған үш әйелге бағыштап баққан Уәсила ақыры шыдап отыра алмай бұлардың үйіне беттеген.

Теңіз тамағына төніп отырған үш үйдің иесі бұл кезде көлеңкеде шай ішіп, шып-шып терлеп отырған. Тер шыққан соң сөз шықпай ма?

Кеше кешкілік бұлардың азын-аулақ уақ жандығына қасқыр шапқан. Күн енді байи бастаған ақ пен қызылдың арасы еді.

Қораға беттеген қой дүркіреп кеп қашты. Қолдарына айыр-күрек ап бұлар да тұра ұмтылған. Айтақ салған.

Құйрығы бір тұтам сұр қасқыр тіпті қаймығар емес. Үріккен қойдың соңында қалған кенже туған қозыны мойнынан тістеді де арқасына салып алды. Сосын борбайлап келе жатқан бұларға жалтақ-жалтақ қарап кете барды. Қыңар түрі жоқ.

– Сол аяғы молақ екен. Қакпанға шаптырған да, – деді Айман көлдей орамалмен терін бір сүртіп тастап.

– Қамыс ішінде кезігіп ырылдаған қасқыр сияқты, – деді Қарғаш.

– Көзі таныс. Әйтеуір біреудікінен аумайды, – деді Бибі екіұштылау етіп. – Өңменімнен өтіп кетті...

– Әлиді сонша қуғандарың не? – деді Айман бір сәт өз-өзінен қабарып.

– Өзің ғой, ұста, ұста деп...

– Ылғи да бізді айдап саласың.

– Суға түсіп кетті ме? Батпаққа батып өлді ме жазған?

С того дня караульный пропал. Искали всем народом. В камышовых зарослях обшарили каждый кустик. Не нашли. Назначали награду тому, кто принесет хоть какую-то весть. Будто джин унес. Будто земля поглотила. В итоге терпение Василии, насылавшей свои проклятия в адрес буйной троицы, устроившей облаву на её мужа, вконец иссякло, и она направилась к их жилищу.

В этот час хозяйки трех обителей по-над кромкой моря, устроившись в тени, с наслаждением пили чай. А за чаем в прикуску и разговор – что закуска!

Вчера в предвечернее время на мелкую их животину напал волк. Солнце клонилось к горизонту в сгущающихся цветах бело-розового заката.

Овцы, завернувшие в овчарню, вдруг с шумом шарахнулись обратно. Вооружившись вилами и лопатой, они тоже устремились на перехват, окликавая собак на скаку.

Волк серой масти с коротким хвостом и не собирался отступать. Схватил за загривок, отбившегося от овец ягненка позднего окота, и закинул себе на хребет. Затем, рыча и озираясь на скачущих, что есть прыти, исчез восвояси. Упертый был какой-то.

– Левая передняя лапа была культяпой. В капкан, наверное, угодила, – заметила Айман, вытирая с лица большим, точно скатерть, полотенцем крупинки пота.

– Чем-то напомнил того озлобленного волка, на которого мы в камышах наткнулись, – заметила Каргаш.

– Глаза показались знакомые. Очень чьи-то напоминают, – проронила Бибі неопределенно. – Будто прошили меня насквозь.

– На кой ляд вы так погнались за Али? – буркнула Айман, распаяясь ни с того ни с сего.

- Сама же кричала держи, хватай!

– Вечно сама науськаешь.

– Может в омуте утоп? Иль в болоте увяз, несчастный!



– Түсімнен шықпай қойды, – деді сосын Биби те-
рең күрсініп. – Баяғы қыз кезіміз екен...

Өңгіме қайта қызған шақта алға өндірішек соза
қалған Айман:

– Мына жалғыз жаяу кім? Уәсила ғой, – десін.

– Не дейд?!

– Қой, ойбай! – деп орнынан атып тұрғанда Биби
жанындағы самаурынды аударып кете жаздады. –
Бұл неғып жүр?

Етегін шапалап теуіп жеткен бетте:

– Иә, үш құзғын отырсыңдар ма? – деп көк көз,
қызыл мұрын, сары әйел екі бүйірін таянып тал-
тайып тұра қалған.

– Отырмай қайда ұшамыз?

– Көшіріп жіберейін деп пе ең?

– Одан да келген шаруанды айт!

– Байымды өлтіріп, тығып тастағансыңдар. Сен-
дерден бәрі шығады. Әлидің қарауыл боп атқа
мінгенін көре алмай іштерің қыж-қыж қайнаған!

– Өлтіргені несі? – деген Айманның алақандай ақ
орамалы төбесінде ойнап кетті.

– Несін қызғанамыз? – деді Қарғаш жалақ ернің
бір жалап алып.

– Қызығын өзің көрген жоқсың ба? – деп Биби
қыли көзін әдетінше қиғаш салды.

– Тап та тап! Өңшең бай құтаймаған бейбақ! Сен-
дер кімнің қадірін білейін деп едіңдер?!

– Тіліңді тарта сөйле, – деп Айман енді анық қай-
ратына мінді. – Әлимен екі күннің бірінде күл
шашып төбелесетін сен емес пе ең. Менің байым
өлсе – ажалынан өлді. Мініп зорықтырды дейсің
бе? Сен қатынды ма? Осыдан қолымдағы неме-

- Он иногда мне снится, – молвила Биби, тяжело
вздыхнув. – Будто пора наша девичья...

Когда беседа потекла по привычному руслу, Ай-
ман, вдруг, вытянув подбородок вперед, недоу-
менно воскликнула:

– Кто это к нам идёт? Никак Василия!

– Неужто?

– Её нам только не хватало! – Каргаш резко под-
нялась с места едва не опрокинув самовар, стояв-
ший рядом с Биби. – Что ей здесь понадобилось?

Василия подошла, шлепая подолом широкой юбки
и подбоченься, расставив ноги, встала пред ними
– дебелая, голубоглазая, со слегка краснеющим
носом – и громко произнесла: – Ну, что стервят-
ники, сидите?!

– Почему бы не сидеть, куда нам улетать?

– Неужто прогонишь с насиженного места?

– Лучше скажи, по делу пришла?

– Пришла заявить, что вы мужа моего загубили и
запрятали! От вас всего можно ожидать. Черная
зависть вам житья не давала, потому что Али был
на коне и при деле служил.

– Как мы убили? – рассердилась Айман и крохот-
ный белый платок задвигался на её макушке.

– Нечему нам было завидовать! – урезонила Кар-
гаш, не открывавшая обычно рта, не облизнув ра-
зок обветренные губы.

– Не сама ли всеми благами пользовалась?! –
поддела Биби, смотревшая немного искоса из-за
врожденного своего косоглазия.

– Найдите мне его, где хотите! Угробили всех му-
жей, беспутные! Откуда вам знать кому-то цену!

– Ты говори да не заговаривайся! – перебила Ай-
ман, не собираясь давать ей спуска. – Забыла, как
чуть ли не каждый божий день устраивала перед
Али баталии! Если мой умер, то своей естествен-
ной смертью. Думаешь, верхом на нем ездил.



рем оқуын бітіріп келсін. Көзіңді көкшитермін.

– Ал бітірсін! Сонда пойыз айдайтын немерең маған билет кестірмей қоя ма? Мен қайда барып жатырмын?

– Өзің қызғаншақсың. Ішіңе шынашақ айналмайды, – деді күйеуі жас әйел алып кеткен Қарғаш басқа сөз таба алмай. – Қызыл сиырым күйлегенде бұқанды бермей қойғансың. «Мә, бұқа, мә, саған!» деп қолыңды шығарып даланы басыңа көтердің. Өтірік деші?

– Сендердікі күйлемей жүрмес...

Қарғаш отырған жерінен атып тұрып Уәсилаға ұмтылған, Айман мен Бибі етегіне жармасып, қапелімде жіберер болмады...

Қарауыл содан бері жоқ. Ел боп іздеді. Қалың қамысты жалғыз талдап тінтті. Таптырмады.

Бір хабарын берген жанға сүйінші де ұсынды. Жын көтергендей. Жер жұтқандай.

Тек сол аяғы молақ сұр қасқыр ғана Уәсила жатқан терезенің алдына кеп таңға дейін «У-у-у...» деп ұлып шығады дейді.

Проучить бы тебя! Подожди, пусть мой внук закончит учёбу. Вылупишь тогда мне бестыжие зенки!

– Ну, закончит! И будет твой внук поезда гонять, а что мне с того? Билет может не прокомпостирует? Ох-ох! Как-будто мне куда-то приспичило ездить.

– Ты сама завистливая. И мелкая у тебя душонка! – парировала Каргаш, муж которой ушёл к молодой духе, не найдя других слов. – Когда у моей красной коровы течка началась, ты быка своего пожалела. Не дам тебе быка, на выкуси! – кричала на весь аул, показывая дулю. Скажи, неправда?

– Да на вашу течку быков не хватит!

Каргаш вскочила с места и ринулась на Василию. Айман и Биби, хватая её за подол, насилу удержали...

С того дня караульный пропал. Искали всем народом. В камышовых зарослях обшарили каждый кустик. Не нашли.

Назначали награду тому, кто принесет хоть какую-то весть. Будто джин унес. Будто земля поглотила.

Говорят только серый волк, культяпый на левую лапу, приходит под окно Васили и у-у-кает под ним до рассвета...

